

**«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ
ОРТАЛЫҒЫ» КММ**



**WorldSkills аймақтық чемпионатын ұйымдастыру және өткізу
бойынша ТЖКБ оқу орындарына арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**Нұрлан Толқын
Кожанжарова Махаббат**

Өскемен 2022

WorldSkills аймақтық чемпионатын ұйымдастыру және өткізу бойынша ТЖКБ оқу орындарына арналған әдістемелік ұсынымдар Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру expertтік кеңесінің отырысында мақұлданды.

Нұрлан Т.Е.

Кожанжарова М.С.

WorldSkills аймақтық чемпионатын ұйымдастыру және өткізу бойынша ТЖКБ оқу орындарына арналған әдістемелік ұсынымдар – Өскемен қаласы, Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы, 2022 ж.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсыным WorldSkills талаптары (стандарттары) бойынша кәсіптік шеберліктің аймақтық чемпионаттарын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ТЖКБ) іске асыратын білім беру ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленген, WorldSkills талаптарына (стандарттарына) сәйкес кәсіптік шеберліктің аймақтық чемпионаттарын ұйымдастыру мен өткізуге қатысатын өзге де ұйымдар және кәсіпорындар рәсімдерді анықтайды, ұйымдастыру мен өткізудің шарттары мен тәртібін, сондай-ақ бағалау стратегиясын белгілейді.

Мазмұны

КІРІСПЕ	4
I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
II. ҚАБЫЛДАУШЫ ТАРАП	7
III. ЧЕМПИОНАТ БАҒДАРЛАМАСЫ	7
IV. ТІРКЕУ	8
V. КОММУНИКАЦИЯЛАР (МАРКЕТИНГ, БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС) .	9
VI. АУРУ НЕМЕСЕ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА	9
VII. АРНАЙЫ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ	9
VIII. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУ	9
IX. ЧЕМПИОНАТТЫ ЖАБДЫҚТАРМЕН, ШЫҒЫН МАТЕРИАЛДАРЫМЕН ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ДЕМЕУШІЛЕРДІ ТАРТУ БОЙЫНША ЖҰМЫС	10
X. ЧЕМПИОНАТТЫ БАСҚАРУ	12
XI. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУ АЛДЫНДА ЖӘНЕ КЕЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ	14
XII. ЧЕМПИОНАТ БАРЫСЫНДА	15
XIII. ЧЕМПИОНАТТЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ	15
XIV. КОНКУРСТЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ ФОРМАТЫ / ҚҰРЫЛЫМЫ, ТАЛАПТАРЫ, ӘЗІРЛЕУ ОРТАСЫ ЖӘНЕ 30% - ДАН КЕМ ЕМЕС ӨЗГЕРУІ	16
XVI. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	18
ФОТОГАЛЕРЕЯ	19

КІРІСПЕ

WorldSkills — жұмыс кәсібі мен шеберлік дағдысының беделін арттыруды көздейтін халықаралық қаржылық емес қозғалыс.

Чемпионат –қатысушылардың жарыс мамандықтағы шеберлік деңгейілерін көрсетеді.

Шығыс Қазақстан облысы 2016 жылдан бастап WorldSkills Shygys аймақтық кәсіби шеберлік чемпионатын белсенді дамытуда. Жыл сайын осы чемпионатқа қатысушылардың саны артып келеді. 2016 жылы WorldSkills Shygys аймақтық чемпионаты 35 студенттің қатысуымен 6 құзыреттілік бойынша, 2017 жылы 81 студенттің қатысуымен 11 құзыреттілік бойынша, 2018 жылы 170 студенттің қатысуымен 31 құзыреттілік бойынша, 2019 жылы 270-тен астам студенттің 45 құзыреті бойынша, 2021 жылы осы чемпионатқа 53 құзыреттілік бойынша техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының және аймақтағы жоғары оқу орындарының 300-ден астам студенттері мен түлектері қатысты.

Шығыс Қазақстан облысы бесінші жыл қатарынан Worldskills қозғалысының ұлттық және халықаралық чемпионаттарына қатысып келеді.

WorldSkills Shygys аймақтық чемпионаты келесі бағыттарда өткізіледі: Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар; Өндіріс және инженерлік технологиялар; Қызмет көрсету саласы; Білім беру саласы; Медициналық сала; Шығармашылық және дизайн; Құрылыс индустриясы; Көлік және логистика.

WorldSkills бірнеше бағыттар бойынша чемпионаттар бар:

AgroSkills - WorldSkills стандарттары бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы салалық кәсіби шеберлік чемпионаты

Abilympics - бұл мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдар арасындағы кәсіби шеберлік чемпионаты.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) бағдарламаларын іске асырушыларға, сондай-ақ WorldSkills талаптарына (стандарттарына) сәйкес кәсіптік шеберліктің аймақтық чемпионаттарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын басқа да ұйымдар мен кәсіпорындар, тәртіптерді айқындайды, ұйымдастыру мен өткізудің шарттары мен тәртібін және бағалау стратегиясын белгілейді, осы WorldSkills талаптары (стандарттары) бойынша кәсіби шеберліктің аймақтық чемпионаттарын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі-ұсынымдар) Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді;

2. Әдістемелік ұсынымдар келесі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
- Құзыреті бойынша стандарттар спецификациясының талаптары;
- Чемпионат ережелері;

3. WorldSkills (стандарттар) талаптары (стандарттары) бойынша аймақтық кәсіби шеберлік чемпионаты қатысушылардың таңдалған құзыреттіліктегі шеберлік шыңдарына қол жеткізуін көрсету, өңірде танылған жоғары білікті маман ретінде даму және өсу мүмкіндігін көрсету мақсатында өткізіледі.

4. Аймақтық чемпионаттар іріктеу жарыстарының алдын ала кезеңдері болып табылады, олардың қорытындылары бойынша республикалық чемпионатқа қатысушылар айқындалады. Республикалық чемпионаттың қорытындысы бойынша халықаралық чемпионаттарға қатысу үшін ұлттық құраманың кеңейтілген құрамына үміткерлердің тізімі жасалады.

5. Білім беру ұйымдарында WS аймақтық чемпионаты келесі мақсаттарда өткізіледі:

5.1 Студенттердің немесе түлектердің жалпы және кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін, құзыреттілік бойынша республикалық және халықаралық чемпионаттарға қатысуға дайындығы мен іріктеуін анықтау және бағалау;

5.2 Мамандық таңдау және болашақта даму перспективалары бойынша қорытынды жасауға мүмкіндік беретін студенттер мен оқушыларға арналған кәсіптік бағдар беру жұмысы.

Білім беру ұйымдарына, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдарына ақпараттық хаттар (чемпионатқа көрермен ретінде қатысуға шақыру) жіберілуі, көлікпен қамтамасыз ету ұйымдастырылуы, оқушылар мен ата-аналардың байқау алаңдарына бару кестесі жасалуы тиіс.

6. Аймақтық чемпионат WS, салалық немесе корпоративтік ретінде, аймақтың кәсіпорындары немесе олардың негізінде халықаралық талаптарға сәйкес кадрларды кәсіби даярлаудың жалпы деңгейін анықтау, үздік қызметкерлерді ынталандыру немесе республикалық чемпионатқа қатысуға іріктеу мақсатында өткізілуі мүмкін.

7. Чемпионаттың ұйымдастыру комитеті Шығыс Қазақстан облысының білім

басқармасының, Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығының өкілдерінен, сондай-ақ оқу орындарының басшыларынан тұратын чемпионатты басқару командасын құрайды және чемпионаттың жалпы регламенттерінің сақталуын бақылайды. Ұйымдастыру комитеті Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы мұқият қарағаннан кейін чемпионаттың өтетін орнын белгілейді.

8. Ұсынымдарда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

WorldSkills чемпионаттар жүйесі - ұлттық құрама мүшелерін халықаралық чемпионатқа іріктеу схемасын болжайды, онда жарыстың алғашқы туры білім беру ұйымдары немесе кәсіпорындар базасында өтеді, одан әрі жарыстар аймақтық деңгейде өткізіледі және республикалық чемпионатқа қатысуға іріктеу жүзеге асырылады. Республикалық чемпионаттың жеңімпаздары ұлттық құрамаға қабылданады, Euroskills және WorldSkills халықаралық чемпионаттарында ел намысын қорғау үшін үздіктер жаттығу лагерінен өтеді.

WS аймақтық чемпионатын өткізу базасы- әдістемелік және материалдық-техникалық жабдықталуы WorldSkills стандарттарының талаптарына сәйкес келетін дайындалған алаң (өткізу орны).

Чемпионат ережелері-WorldSkills кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу бойынша рәсімдерді анықтайды.

Этика кодексі-WS аймақтық чемпионатын дайындау және өткізу кезеңінде шешім қабылдау кезінде басшылыққа алынатын, мінез-құлық нормалары және WorldSkills International этикалық стандарттары.

Техникалық сипаттама- құзыреттіліктің атауын, WorldSkills стандарттарының ерекшелігін және/ немесе салалық кәсіптік стандарттарды, бағалау стратегиясын, конкурстық тапсырмаға қойылатын негізгі талаптарды, конкурстық алаңның схемасын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасына қойылатын талаптарды айқындайтын құжат.

Инфрақұрылым парағы- аймақтық чемпионатты өткізуге қажетті материалдар мен жабдықтардың тізімі, жабдықтар, құралдар, шығын материалдары, жиһаздар, кеңсе керек-жарақтары және басқа заттар.

Тулбок-қатысушы өзімен бірге алып келуге тиіс (немесе құқығы бар) құралдар мен шығын материалдарының тізімі. Тулбоктың мазмұны құзыреттіліктің техникалық сипаттамасында көрсетіледі.

Конкурстық тапсырма- өзінің құзыреттілігінде шеберлігін көрсету үшін конкурсқа қатысушылардың орындауы тиіс жұмысты сипаттайтын тапсырма.

Бағалау критерийлері-сарапшылар конкурстық тапсырманы орындау кезінде қатысушылардың біліктілігін анықтайтын көрсеткіштер.

Алаңды салу жоспары- шартты белгілерді пайдалана отырып, графикалық және схемалық түрде алаңның барлық қажетті инфрақұрылымы бейнеленген құжат.

Техникалық сарапшы - жабдықтың техникалық жағдайына және алаңға қатысқан барлық адамдардың еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы (бұдан әрі-ЕҚ және ҚТ) қағидалары мен нормаларын сақтауына жауап беретін сарапшы.

Чемпионаттың аббревиатурасы (С-Чемпионат)

С (-X) - чемпионатқа дейінгі күндер

С (X)-чемпионаттың күндері

С (+X)-чемпионаттан кейінгі күндер

Бас сарапшы – құзыреттілік чемпионатын басқаруға, бағыттауға және жүргізуге жауапты сарапшы. Бас сарапшы шеберлікті басқару командасының мүшесі болып табылады және әр сайыскерге чемпионат күндерінде тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін бәсекелестік ортаның құрылуын қамтамасыз етеді.

Бас сарапшының орынбасары – шеберлік чемпионатын дайындау және өткізуде бас сарапшыға қолдау көрсететін сарапшы. Бас сарапшының орынбасары шеберлікті басқару тобының мүшесі болып табылады.

Сарапшы – құзыреттілік чемпионатында өз аймағын/ұйымын ұсынатын және құзыретте тәжірибесі немесе біліктілігі бар тұлға.

II. ҚАБЫЛДАУШЫ ТАРАП

2.1 Чемпионаттың қабылдаушы тарапының міндеттері

2.1.1 Инфрақұрылымды қамтамасыз ету

Қабылдаушы Тарап техникалық сипаттамаға және инфрақұрылымдық тізімге сәйкес әрбір құзырет үшін қолайлы конкурстық алаңдар мен жабдықтарды беруге жауапты болады.

Чемпионатқа екі ай қалғанда колледж сарапшылары Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасына Инфрақұрылым парағын және ұйымдастыру комитетінің шешіміне сәйкес пайдаланылатын жабдықтар мен құралдар туралы ақпарат беруі тиіс.

Чемпионатты ұйымдастырушы техникалық сипаттамаларға, инфрақұрылымдық парақтарға және колледж мамандары мен бас сарапшылар ұсынған басқа да ресми құжаттарға сәйкес барлық жағдайларды, инфрақұрылымды қамтамасыз етуге міндетті. Жарыстар мен конкурстық алаңдарды өткізу орнына қосымша, оған мыналар кіреді:

* алаңдарды визуалды безендіру;

* аймақтық чемпионатты өткізу кезеңінде кәсіби бағдар беру қызметін ұйымдастыру.

III. ЧЕМПИОНАТ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ұйымдастыру комитеті Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасымен бірлесіп чемпионаттың жалпы бағдарламасын дайындауы тиіс, оған барлық қатысушыларды орналастыру және тұру туралы келісімдер кіреді. Атап айтқанда, ашылу және жабылу рәсімдерін өткізудің нақты рәсімін Шығыс Қазақстан облысының Ұйымдастыру комитеті мен білім басқармасы іс-шара басталардан бір ай бұрын бекітілуі тиіс.

2.1.3 АККРЕДИТТЕУ ПАКЕТТЕРІ

Құзыреттілік орталықтарының базасында сарапшы- компатриоттың қатысуымен WorldSkills Shygyys аймақтық чемпионат басталардан кем дегенде 5 ай бұрын Ұйымдастыру комитеті Шығыс Қазақстан облысының оқу орындарына аймақтық форсайт-семинардың өткізілуі туралы хабарлайды.

Семинардың негізгі бағыты:

- WorldSkills Shygyys аймақтық чемпионатын өткізу үшін модульдерді (тапсырмаларды) әзірлеу.

- сапалы дайындық үшін алгоритмді әзірлеу бойынша заманауи халықаралық әдістемелерді зерттеу;

- ШҚО ТЖКБ жүйесінің инженерлік-педагогикалық қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

Чемпионаттарды өткізу үшін әр құзыреттілік бойынша жеке құжаттар пакеті қалыптастырылады, олар мыналардан тұратын әдістемелік база болып табылады:

- Құзыреттіліктің техникалық сипаттамасы
- Инфрақұрылымды парақ
- Конкурстық тапсырма
- Бағалау критерийлері

Техникалық сипаттама-келесі бөлімдер көрсетілген құзыреттілік бойынша чемпионатты өткізудің негізгі реттеуші құжаты:

IV. ТІРКЕУ

Чемпионатқа тіркелу төрт кезеңде жүргізіледі.

1 кезең-Алдын ала тіркелу

Қатысушы ұйымдар чемпионат басталғанға дейін 5 ай бұрын құзыреттер санын және оқу орындарының санын анықтау үшін алдын ала өтінім жібереді. Алдын ала тіркеудің соңғы мерзімі Чемпионат өткізілгенге дейін 5 айды құрайды. Қатысушы ұйымдар өздерінің қатысушысы қатысатын құзырет бойынша тіркелуі тиіс.

2 кезең - Алдын-ала тіркеуді жанарту

Алдын-ала тіркеу кезеңі аяқталғаннан кейін, чемпионат басталғанға дейін 4 ай бұрын, әр құзыреттілік үшін орындардың максималды саны қазіргі уақытта тіркелген қатысушылар санының негізінде белгіленеді. Қатысушылар өздерінің тіркеу деректерін алдын ала тіркеу кезеңінде түпкілікті тіркеуге дейін жанарта алады (3-кезең).

3 кезең-Соңғы тіркеу

Чемпионат басталғанға дейін 3 ай бұрын қатысушы ұйымдар өздері қатысатын құзыреттерде тіркеуді аяқтауы керек. Әрі қарай өзгерістерді ұйымдастыру комитетінің рұқсатынсыз жасауға болмайды.

Егер ресми құзыреттіліктерге қатысу үшін соңғы тіркеу сәтінде қатысу үшін 5 қатысушы немесе 5 команда тіркелмесе, онда қабылдаушы Тарап осы құзыреттілікті бағдарламадан алып тастау құқығын өзіне қалдырады.

4 кезең-Қатысушылар туралы одан әрі ақпаратты тіркеу

Әрбір қатысушы ұйым қатысушының толық аты-жөнін, электрондық поштасының мекенжайын, фотосуретін, жеке куәлігінің фотосуретін (екі жағынан) ұсынуы тиіс. Бұл ақпарат чемпионаттың қабылдаушы тарапына қажет.

Сарапшылар туралы ақпарат чемпионат басталғанға дейін кемінде 5 ай

бұрын берілуі керек (жарыстарды әзірлеуге және дайындауға қатысуды қамтамасыз ету үшін, мысалы, пікірсайыс форумдары үшін)

Қатысушы, топ жетекшісі, ресми өкіл және ресми бақылаушы чемпионат басталғанға дейін кемінде екі ай бұрын ұсынылуы керек. Бұл талапты сақтамау қатысушы туралы ақпарат баспа материалдары мен белгілерге енгізілмейтінін білдіреді. Қатысушы аймақтар қатысушылардың есімдерінің дұрыс жазылуын, пішімделуін, бас әріптерін жіберуге тікелей жауапты.

V. КОММУНИКАЦИЯЛАР (МАРКЕТИНГ, БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС)

Қабылдаушы Тараптың ұйымдастыру комитеті жергілікті және республикалық БАҚ-қа ақпарат беруге жауапты болады. Барлық құжаттар ұсынылған басшылық принциптеріне сәйкес жарысты ұйымдастырушыға және «WorldSkills Shygy» сілтемесін қамтуы тиіс. Барлық құжаттар шығарылғанға дейін Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығымен мақұлдауы тиіс.

VI. АУРУ НЕМЕСЕ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА

Егер қандай да бір қатысушы ауырып қалса немесе жазатайым оқиға орын алса, бас сарапшы мен қатысушы команданың көшбасшысы және компатриот-сарапшы дереу хабардар етілуі тиіс. Құзыреттілікті басқару командасы қатысушының уақыты жоғалатынын немесе жоғалмайтынын шешеді. Егер қатысушы ауырып немесе жазатайым оқиға салдарынан алаңнан кетуі тиіс болса, белгілер кез келген орындалған жұмысы үшін беріледі. Конкурса қатысушының қайтып оралуын жеңілдету және жоғалған уақытты алуға рұқсат алу үшін барлық күш-жігер жұмсалады. Бұл жазатайым оқиғалар мен уақытты жоғалту үшін уақытша нысандарда оқшаулануы керек.


VII. АРНАЙЫ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Worldskills чемпионатында кез келген деңгейдегі Қазақстан Республикасының қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау ережелері қолданылады. Әрбір құзыреттілік өз саласының қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды ұсынады.

VIII. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУ

Техникалық сипаттамада, әдетте, алдыңғы чемпионаттардан құзыреттіліктер

бойынша алаңдардың орналасу мысалдары келтірілуі мүмкін. Алаңды салу жоспары-шартты белгілерді пайдалана отырып, графикалық және схемалық түрде алаңның барлық қажетті инфрақұрылымы: орындықтар мен үстелдерден бастап станоктар мен басқа да жабдықтардың орналасуына дейін, барлық қажетті



қосылымдар (электр, су, Сығылған ауа, желдету, жарықтандыру, коқыс себеттері және т.б.) бейнеленген құжат.

ІХ. ЧЕМПИОНАТТЫ ЖАБДЫҚТАРМЕН, ШЫҒЫН МАТЕРИАЛДАРЫМЕН ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ДЕМЕУШІЛЕРДІ ТАРТУ БОЙЫНША ЖҰМЫС

Техникалық сипаттама толық тізімді анықтайды:

- конкурсқа қатысушының өзімен бірге құрал-сайман жәшігінде (тулбоксіде) бар материалдар, жабдықтар мен құрал-саймандар;
- сарапшыларға тиесілі материалдар, жабдықтар мен құралдар;
- жарыс аймағында тыйым салынған материалдар мен жабдықтар.

Инфрақұрылым парағы (бұдан әрі – ИП) - алаңның жұмысы үшін қажетті барлық қажетті жабдықтардың, құрал-саймандардың, шығыс материалдарының, кеңселік жарақтар мен керек-жарақтардың тізімі. ІІ-де көрсетілген барлық позицияларды чемпионатты ұйымдастырушылар ұсынады.

Инфрақұрылым парақтың келесі формасы бар:

АЛАҢҒА ЖАБДЫҚТАР МЕН ҚҰРАЛДАР									
№ ₂	Позиция атауы	Тех. позицияның сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Саны	Саны	Ұйымдастырушының болуы (Иә / Жоқ)	Жеткізуші \демеуші\қамтамасыз етуге жауапты	Барлық болжамды құны, теңге	Пікір

1 баған-сұрау салынған позицияның реттік нөмірі

2 баған-позицияның атауы (әлемде қабылданған жабдықтың, құрал-

саймандардың, шығыс материалдарының атауы)

3 баған-жабдықтың, шығыс материалдары мен құралдардың техникалық сипаттамасы (тапсырманы орындау үшін қажетті позицияларды көрсете отырып, қысқаша сипаттама)

4 баған-өлшем бірлігі (дана, орама, қаптама, кг, және т. б.)

5 баған-бір қатысушыға саны

6 баған – барлық қатысушылардың саны

7 баған – колледжде немесе кәсіпорында, яғни жарыстар базасында бар ма

8 баған-жабдықты жеткізуге және орнатуға жауапты өнім берушінің нұсқауы

9 баған-коммерциялық ұсыныстар бойынша шамамен алынған құн

10 баған – түсініктемелер немесе ескертулер.

Конкурстық тапсырма - жұмыс мазмұнының сипаттамасын білдіреді, уақыт нормалары мен жұмыс сапасына қойылатын талаптарды ұсына отырып, белгілі бір жабдықта кәсіптік қызметтің нақты саласында орындалатын жұмыстардың сипаттамасын қамтиды және жоспарларды, эскиздерді, сызбаларды қоса алғанда, тапсырманың барлық кезеңдерінің сипаттамасын; тапсырманың әрбір кезеңінің орындалу уақытын; тапсырманы орындаудың әрбір кезеңінде орындалатын жұмыстардың сипаттамасын; бағалау өлшемшарттарын қамтиды.

Конкурстық тапсырма келесі бөлімдерді қамтиды:

1. Конкурса қатысу нысандары (жеке конкурс, командалық жарыс)

2. Байқауға арналған тапсырма (жұмыстың толық сипаттамасы не жалпы, не модульдер бойынша) 3. Тапсырма модульдері мен қажетті уақыт 1-кестеде келтірілген

Мысалы, 1 Кесте.

№ р/с	Модуль атауы	Жұмыс уақыты	Тапсырма уақыты
1	А модулі: Сызбаға сәйкес өнімді үш өлшемді модельдеу (CAD)	C1 9.15-10.45 10.55-11.55	2 сағ. 30 минут
2	В модулі: Реверсивті инжиниринг.	C1 12.35-14.05	1 сағ. 30 минут
3	С модулі: Дизайн өзгерістерімен өнімнің сызбасын құру.	C1 14.15-15.45 16.00-17.30	3 сағ.
4	Д модулі: Өнім прототипінің бөлшектерін жасау.	C1 C2	17.30- 18.00 9.00-16.00
5	Модуль Е. Өнімнің прототипін кейінгі өңдеу, бояу және құрастыру.	C3	9.00-12.30
6	Модуль F. Прототиптің функционалдығын құрастыру және тексеру.	C3	13.30- 16.30

4. Бағалау критерийлері 2-кесте.

Бөлім	Критерий	Бағалау		
		Судьялық бағалау	Объективті	Жалпы
A	Өнімді үш өлшемді модельдеу	0	10	10
B	Реверсивті инжиниринг	0	10	10
C	Құрылымдық өзгерістері бар бұйымның сызбасын жасау	0	15	15
D	Модельдеу-прототиптеу	3	44	47
E	Бұйымның прототипін кейінгі өңдеу және бояу	3	7	10
Барлығы		6	94	100

5. Қажетті қосымшалар (сызбалар, схемалар, өлшемдері, жалпы көрініс және т. б.)

Конкурстық тапсырма конкурстық күндердің толық кезеңі ішінде 21 сағаттан аспайтын жұмыс үшін есептелуі тиіс.

Әрбір конкурстық тапсырма оған арнайы құрылған бағалау схемасымен (бағалау критерийлері) қоса беріледі.

Өңірлік чемпионат үшін қысқартылған конкурстық тапсырманы келіскен жағдайда, аймақ Конкурстық тапсырманың алынған модульдеріне сәйкес келетін өлшемдерді ғана алып, қалған модульдерге сәйкес аспектілердің санын көбейту арқылы немесе жобалардың құнын арттыру арқылы бағалау схемасын аяқтауы немесе екі нұсқаны да қолдануы керек.

X. ЧЕМПИОНАТТЫ БАСҚАРУ

Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы және Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығының өкілдері «WorldSkills Shygys» іс-шарасын жалпы басқаруға жауапты.

10.1 Чемпионатты басқару командасы (әкімшілік)

Чемпионаттың ұйымдастыру комитеті Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасының, Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығының өкілдерінен, сондай-ақ оқу орындарының басшыларынан тұратын чемпионатты басқару командасын құрайды және чемпионаттың жалпы регламенттерінің сақталуын бақылайды.

10.2 Құзыреттілікті басқару

Құзыреттілікті жалпы басқаруды сарапшылық қоғамдастықты ықтимал тарта отырып, құзыреттің бас сарапшысы жүзеге асырады.

Нақты чемпионат шеңберінде құзыреттілікті басқаруды чемпионат

регламентіне сәйкес құзыреттілік бойынша бас сарапшы жүзеге асырады. В
Құзыреттілікті басқару командасы:

Қазылар алқасының төрағасы;

Бас сарапшы;

Бас сарапшының орынбасары;

Алаң менеджері.

Конкурс басталғанға дейін конкурсқа қатысты барлық коммуникациялар құзыреті бойынша топтарда өткізілуі тиіс. Конкурсқа қатысы бар талқылаулар мен қабылданған шешімдер, егер олар тиісті құзіретті топтардың форумында немесе әлеуметтік желілерінде өткен жағдайда ғана күшіне ие болады. Бас сарапшы аталған форумның модераторы болады.

10.2.1. Нақты құзырет бойынша жарыс өткізу басқармасы –құзыреттілікті басқару командасы

Ұйымдастыру комитеті құзыреті бойынша бас сарапшыдан және бас сарапшының орынбасарынан тұрады және жалпы регламенттердің орындалуын бақылайтын құзыретті басқару жөніндегі команданы құрайды. Ұйымдастыру комитеті және Шығыс-Қазақстан облысының аймақтық кәсіпкерлер палатасы құзыреттіліктер бойынша бас сарапшы ретінде облыс кәсіпорнының жетекші мамандарының қатысуын қамтамасыз етеді.

XI. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУ АЛДЫНДА ЖӘНЕ КЕЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ

11.1. Аймақтық чемпионат сарапшысын оқыту семинары

Аймақтық чемпионат сарапшысына өз құзыреттілігін дамытқысы келетін білім беру ұйымының кез келген қызметкері оқи алады. Аймақтық чемпионат сарапшысына оқыту үшін қызметкерлер тізбесін білім беру ұйымы басшысының қолы қойылған білім беру ұйымы жібереді. Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы «Талар» КЕАҚ бірлесіп сарапшы-компатриоттарға арнайы оқытуды ұйымдастырады.

11.2. Чемпионат алдында

Команда көшбасшысы (оқу орнының өкілі) компатриот-сарапшыларға келесі мәліметтерді ұсынуға жауапты:

- Техникалық сипаттамасы және инфрақұрылымдық парағы;
- Чемпионат Ережелері;
- Этика кодексі;
- Денсаулық сақтау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау құжаттамасы;
- Чемпионатқа дейін таратылатын конкурстық тапсырмалар (яғни, басталғанға дейін 1-3 ай бұрын);
- Қажет болуы мүмкін кез-келген қосымша құралдар және/немесе кез-келген жабдық немесе материал (материалдар) бойынша нұсқаулық;
- Қазақстан Республикасының мәдениеті, әдет-ғұрпы және заңдары;
- Оқу орнының Туы, чемпионаттың ашылу және жабылу салтанатына арналған бірыңғай форма, сондай-ақ жанкүйерлер мен қатысушылар арасында «WorldSkills Shygyys» оқу орны мен қозғалысының элементтері бар атрибуттар.

С-2-де (чемпионат басталардан екі күн бұрын) – «Сарапшылар күні». Барлық сарапшылар оқудан өту үшін жиналуы керек, яғни чемпионатты өткізудің барлық проблемалық аймақтарын құзыреттілігі бойынша тағы бір рет бөлшектеу керек. Бұл бағалау топтарын бөлу кезінде бас сарапшыға компатриот-сарапшылардың дайындығы мен ерекшелігін тексеруге мүмкіндік береді. Сол күні сарапшылар дөңгелек үстелде алдын ала белгілі Конкурстық тапсырмаға кемінде 30% өзгерістер талқылайды және енгізеді, өйткені бұл Worldskills-тің міндетті талабы. Өзгертілген конкурстық тапсырмаға барлық сарапшылар қол қояды және әрбір қатысушыға басып шығарады. Содан кейін сарапшылар арасында рөлдерді бөлу, қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша сарапшыларға нұсқаулық беру, жабдықты тексеру және жұмысты бастауға дайындау, жұмысты бастау үшін конкурс аландарын дайындау.

«Қатысушылар күні» С-1-де әрекеттер алгоритмі келесі ретпен келеді:

- қатысушылардың паспорттары мен «Тулбокстарын» тіркеу және тексеру; конкурстық тапсырма бойынша толық нұсқаулық және түсініктемелер;
- қатысушыларды ҚТ және ЕҚ бойынша нұсқаулық, ЕҚ және ЕҚ бойынша хаттамаларға қол қою;
- байқау орындарын жеребе тастау, жеребе хаттамасына қол қою; конкурстық орындармен танысу және жабдықты тестілеу;

Әдетте бұл күні чемпионаттың ашылу салтанаты өтеді. Байқауға қатысушының қатысты ақпаратты жақсы түсінгеніне көз жеткізу қажет:

XII. ЧЕМПИОНАТ БАРЫСЫНДА

Байқауға қатысушылар байқау тапсырмасы туралы толық ақпарат алуы тиіс. Бұл ақпарат қазақ және орыс тілдерінде, «WorldSkills Shygy» ресми тілінде берілуі тиіс. Алайда, қатысушы ұйымдар пайдаланылатын тіл оның қатысушысы үшін проблема болмауы үшін жауап береді. Байқауға қатысушының қатысты ақпаратты жақсы түсінгеніне көз жеткізу қажет:

- бағалау критерийлері туралы ақпарат, қорытынды бағалау нысанын қоса алғанда, бірақ қорытынды егжей-тегжейлі бағалау нысандарын емес;
- пайдалануға болатын немесе пайдаланбайтын көмекші материалдар мен құралдар туралы толық ақпарат (мысалы: шаблондар, суреттер / басып шығарулар, үлгілер, датчиктер және т. б.);

Байқауға қатысушылар чемпионаттың ұйымдастырылуы туралы толық ақпарат алуы керек, соның ішінде:

- Денсаулық сақтау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау туралы келісім, соның ішінде ережелерді сақтамау;
- Түскі үзіліс және жобаның / модульдің орындалу уақыты көрсетілген жарыс кестесі;
- Конкурстық алаңға және одан кіру және шығу уақытын, сондай-ақ кіру және шығуға рұқсат етілетін шарттарды регламенттейтін ережелер туралы ақпарат;
- Жабдықты қашан және қалай тексеруге болатындығы туралы ақпарат;
- Чемпионаттың осы ережелері мен этика кодексін бұзу нәтижесінде туындауы мүмкін санкциялардың сипаты мен көлемі туралы ақпарат.

Конкурса қатысушыларға хабарлау керек:

- Қабылдаушы аймақтың қауіпсіздік ережелеріне сәйкес енгізілген барлық құралдарды, машиналарды, құрылғыларды және қосалқы материалдарды қауіпсіз пайдалану туралы;
- Чемпионат басталар алдында сарапшылар техникалық сипаттамаға сәйкес тыйым салынған материалдарды, құралдарды немесе жабдықты тексереді;
- Күнделікті құралдар жиынтығын тексеру барлық жарыстарда өтеді.

XIII. ЧЕМПИОНАТТЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Құзыреттіліктің конкурстық тапсырмасын бағалау жүйесі CIS чемпионатының ақпараттық жүйесінің үлгісіне сәйкес және құзыреттіліктің техникалық сипаттамасының талаптарына сәйкес келеді.

Өлшенетін критерийлерді бағалау қағидалары:

- бағалауды критерийлерін бағалау рәсімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) сарапшыдан тұратын топ жүргізеді;
- бағалау бланкісіндегі ақпаратқа сәйкес, әрбір объективті аспектіні орындау немесе орындамау / ішінара орындау бағалауы бір мәнді анықтамадан тұруы керек;

- өлшенетін критерийлер оларды түсіндірудің екіұштылығына жол бермейді, яғни әрқашан нақты параметрлер және оларды сақтау үшін балл есептеу ережелері көрсетілуі керек.

Төрешілік критерийлерді бағалау қағидалары:

- объективті бағалау төрелердің пікіріне әсер етпеуі үшін, төрешілік бағалау өлшенетін критерийлерді бағалау рәсімі өткізілгенге дейін жүргізіледі;

- бағалауды 3 (үш) сарапшыдан тұратын топ жүргізеді;

- бағалау үш сарапшының әрқайсысы 4 ұпайлық шкала бойынша баға қою арқылы жүргізіледі. Ол үшін 0-ден 3-ке дейінгі сандары бар карточкалар пайдаланылады;

- бағалардағы айырмашылық 1 ұпайдан аспауы керек. Егер айырмашылығы 1 ұпайдан жоғары болған жағдайда, Бас сарапшы төрешілік критерийлерінің төрешілік қағидалары бойынша топқа қосымша түсініктемелер беріп, топ қайта дауыс беруі керек;

Төрешілер топтарының бағалау ережелері:

- бағалау төрешілік рөлдерді бөлу рәсімі кезінде тағайындалған сарапшылар тобымен жүргізіледі;

- бағалау қатысушы модульді/тапсырманы аяқтағаннан кейін немесе "ТОҚТА" нүктесіне жеткеннен кейін ғана жүргізілуі мүмкін;

- бағалау кезінде топтың барлық сарапшылары қатысуы керек;

- егер қатысушыны бағалауға рұқсат беру туралы шешім болмаса, компатриоттың қатысушысын бағалау кезінде, сарапшы компатриот басқа сарапшыға ауыстырылуы тиіс;

- осы топтың барлық сарапшылары қойылған бағаларға өз қолдарын қояды

егер конкурстық тапсырма мен техникалық сипаттамасы айқындалмаса, қатысушының бағалау кезінде қатысуға құқығы жоқ.

XIV. КОНКУРСТЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ ФОРМАТЫ / ҚҰРЫЛЫМЫ, ТАЛАПТАРЫ, ӘЗІРЛЕУ ОРТАСЫ ЖӘНЕ 30% - ДАН КЕМ ЕМЕС ӨЗГЕРУІ

Әр құзыреттілікте байқау тапсырмасы бар, онда қатысушылар өз құзыреттерінде шеберліктерін көрсету үшін орындауы керек жұмысты сипаттайды.

Өңірлік чемпионатқа арналған конкурстық тапсырма республикалық чемпионаттан алынады және аймақтық бас сарапшылармен және компатриот сарапшыларымен форсайт семинарда түзетіледі. WorldSkills Shygyz қозғалысының негізгі бағыттары мен даму перспективалары және чемпионатқа қатысушылардың жұмыстарын бағалау критерийлері қарастырылады. Форсайт семинарда құзыреттер бойынша фокус-топтардың жұмысы ұйымдастырылады. Семинар қорытындысы бойынша фокус-топтар облыстық чемпионатқа арналған техникалық тапсырма материалын әзірлеу. Конкурстық тапсырмалар ашық және жабық болуы мүмкін. Жабық тапсырманы үшінші тарап дайындайды және қатысушыға тікелей С1 – чемпионаттың бірінші күні беріледі. Ашық тапсырма сайтта алдын-ала жарияланады, бірақ С-2 чемпионаты үшін чемпионат басталғанға дейін 2 күн

бұрын кемінде 30% міндетті өзгерістер енгізіледі. Бұл қатысушы тапсырманы өзгертуге моральдық тұрғыдан дайын болуы үшін жасалуы керек.

Тапсырманың екі түрі бар:

- Модульдік емес тапсырма-бұл жұмыс аяқталғанға дейін бағаланбайтын тұтас тапсырма;
- Модульдік тапсырма модульдерге бөлінеді, олар аяқталған кезде бағаланады. Тапсырманың/модульдердің сипаттамасы, олардың уақытында орындалуы және негізгі өзгерістері инфрақұрылымдық парақ шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс.

Конкурстық тапсырманы жасауға қойылатын барлық қажетті талаптар оның түрі мен ұзақтығы техникалық сипаттаманың осы бөлімінде қол қойылады.

XV. КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫН, КӨРЕРМЕНДЕРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жалпы білім беру ұйымдарына, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдарына, интернат-үйлеріне ақпараттық хаттар (чемпионатқа көрермен ретінде қатысуға шақыру) жіберіледі. Мектеп оқушыларының чемпионаттың жарыс алаңдарына қатысу кестесі қалыптасуда. Чемпионат алаңын аралау аясында оқушылар кәсіби бағдар беру іс-шараларының кешеніне бара алады.

Ақпараттық хаттарды тарату Чемпионат басталғанға дейін 3 аптадан кешіктірілмей аяқталады.

XVI. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы
2. Worldskills Kazakhstan Бас Ассамблеясы 2020 жылғы 20 сәуірде бекіткен, Worldskills Kazakhstan чемпионатының ережесі.
3. Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы бекіткен, 2021 жылы бекітілген, WorldSkills Shygyys чемпионатының ережесі.
4. Сайт www.worldskills.org
5. Сайт <https://worldskills.ru/>

ФОТОГАЛЕРЕЯ



